

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЫ АИДА БАЛАЕВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке Мәдениет және ақпарат министрлігінің атқарған жұмыстарының нәтижесі, сондай-ақ ведомствоның алдағы қызметі барысында қолданылатын перспективті тәсілдер жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ақпарат, мәдениет, креативті индустрия, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қарым-қатынас, жастар және отбасылық-демографиялық саясат салаларында қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Аида Балаева ведомствоның жетекшілік ететін салаларын дамытуға қатысты жоспарын айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрлікке мәдени-тарихи нысандардың инфрақұрылымын дамыту, шығармашылықты қолдау, Қазақстанның мәдениетін шетелде дәріптеу секіл-



ді бірқатар нақты міндет жүктеді. Бұдан бөлек, креативті индустрияны институционалдық тұрғыда қолдау және атал-

ған саланы жедел дамыту жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

Ақорда.

БАЛАЛАР ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ БОЙЫ ЖАҢА СЕРУЕН АЙМАҒЫНА АЙНАЛАДЫ



Бүгін қала әкімі Ф.Сыздықбеков журналистермен бірге А.Асқаров атындағы дендробақтан бастау алған балалар темір жолы бойын аралап, жаңа серуен аймағының тұжырымдамасын таныстырды.

Шымкенттіктер демеушілер тарапынан жүзеге асырылып жатқан көптеген жобалардың игілігін көруде. Қаладағы балалар пойыз жолының бойы да бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жаңғыртылады. Жобаға сәйкес веложол, жүгіру жолдары, бірнеше воркаут алаңдары салынып, жан-жағы көгалдандырылады. Жаңа серуен аймағын 1-маусымда пайдалануға беру жоспарлануда.

Айта кетерлігі, нысан реконструкциясы қомақты қаржыны қажет етеді. Себебі, мұндай локомотивтер нарықтан табылмайды, арнайы тапсырыс қымбатқа түседі.

- Серуен аймағы туралы шешімді қабылдауда осындай жағдайлар ескерілді. Демеушілер тарапынан салынатын жаңа серуен аймағы халықтың сүйікті алаңына айналады. Жалпы, қалада шешімін күткен өзге де өзекті мәселелер көп. Көпқабатты үйлердегі ыстық су, ауыз су, ирригация және канализация жүргізілмеген аудандар жетерлік. Қала бюджетін осындай халыққа аса қажет жобаларға жұмсаймыз, - деді Ғабит Сыздықбеков.

Аргынбеков-Бәйдібек би жол айрығын салу кезінде темір жолдың бір бөлігі бұзылғанын ескерген қала бас-

шысы жауаптыларға жаяу жүргіншілер жолын ыңғайлы етіп салуды тапсырды. Ал екі станса орны кәсіпкерлерге беріліп, ескі локомотив естелік ретінде сақталады. Ағаштары бүлініп, жолдары кедір-бұдыр болып, қараусыз қалған аумақ енді заманауи үлгідегі серуен аймағы ретінде пайдалануға беріледі.

Бұл бағыттағы барлық жұмыстар қала әкімінің жеке бақылауында.

Сонымен қатар, мегаполис басшысы мен журналистер Тәуке хан даңғылындағы жаяу жүргіншілер тротуарларының жағдайымен танысты. Қала тұрғындары қыс мезгілінде тротуар плиталарының қозғалысқа қауіптілігіне бірнеше рет шағымданды.


Тұрғындардың шағымдарын ескере отырып, сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандардың 90% - ы тротуар плиталарын асфальт төсемімен ауыстыруды қолдаған. Осыған байланысты қала әкімі жаяу жүргіншілерге арналған тротуарларды асфальттеу бойынша шешім қабылдады.

Бағдат БАЗАРБАЙ.

ҚАЗАҚСТАНДА ОҚУЛЫҚТАР 100% ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ

Бүгінгі таңда мектеп оқулықтарын цифрлық форматқа көшіру процесі 100%-ға орындалды. Барлық оқу материалдары мемлекеттік сараптамадан сәтті өтіп, оқу-әдістемелік кешендер тізіміне енгізілді. Цифрлық оқулықтар елдің 13 баспасы ұсынған 11 платформада әзірленуде.

«Оқытудың инновациялық әдістерін енгізу үшін педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Мұғалімдер онлайн-ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын арттыра оты-



рып, сабақтарда цифрлық технологияларды, онлайн-коммуникацияларды белсенді пайдаланады», - деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім сапасын қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Майра Мелдебекова.

Сонымен қатар робототехника, STEM, химия, физика және биология бойынша 1345 заманауи кабинет ашу жұмыстары жалғасуда. Биыл жыл соңына дейін еліміздің 20 өңіріндегі 1072 мектеп заманауи кабинеттермен жабдықталатын болады.

ШЫМКЕНТТЕ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Шымкентте 20-31 мамыр аралығында 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз гранттың І-ші легі бойынша өтінім беру басталады. Өтінімдер қабылдау «Business.enbek.kz» порталы арқылы онлайн режимінде қабылданады. Қатысу үшін үміткер порталға электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦП) арқылы тіркеліп, өтінім бере алады.

Мемлекеттік грант қаражаты әлеуметтік осал топтар қатарындағы адамдарға ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге бизнесін ашуга, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады.

Өтінім беру үшін қажет:

Порталда тіркелу;

Грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту;

Порталда көрсетілген бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу (өз бетінше бизнес-жоспар жарамайды);

Өтініш нысанын толтыру және ЭЦП кілтімен қол қою.

Интернетке немесе компьютерге қолжетімділік болмаған жағдайда, аудандық мансап орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында өтінім беруге болады.

Төмендегі әлеуметтік санаттардың бірінен болу керек:

Еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар;

Қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар;

Өңіраралық қоныс аударушылар;

Атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көп балалы отбасыларға және (немесе) оның жұбайына (зайыбына) төленетін жәрдемақы алушылар;

Мүгедектігі бар баланы (18 жасқа дейінгі бала) тәрбиелеп отырғандар (жұбайы/зайыбы);


Асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар;

Сонымен қатар, гранттар жұмыссыз немесе жеке мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз жеке кәсіпкер ретінде грант алуға өтініш бергенге дейін тіркелген жағдайда және үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты бар халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

Грант иегері атанған азамат хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде салық органдарында өз қызметін тіркеуге міндетті.

«Айғақ»-ақпарат.

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ BATYRLARGATAGZYM.KZ ПОРТАЛЫН ІСКЕ ҚОСТЫ



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі batyrlargatagzym.kz порталын іске қосты. Жобаның негізгі мақсаты — әр батырдың тарихта лайықты танылуын қамтамасыз ету, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» атты ІІІ отырысында атап өткендей, мемлекет соғыс жылдарында теңдесі жоқ жауынгерлік және еңбек ерліктерін жасаған отандастарымызды ел жадында сақтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Сайт өртүрлі ақпарат көздерінен жинақталған және Қазақстан халқының ерлігінің мәңгілік ескерткіші болып табылады. Пилоттық жоба 2023 жылы іске қосылып, азаматтық қоғам мен еріктілердің үлкен қызығушылығына ие болды. Сайттың функционалдық мүмкіндіктері кеңейтіліп,

деректер толыққанды порталға жүйеленді.

Бүгінгі таңда порталда 100 мыңнан астам қазақстандық ардагерлер туралы ақпарат бар. Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай портал барлық ардагерлер туралы деректерді біріктіреді деп үміттенеміз.

Біз әрбір қазақстандықты ҰОС ардагерлері туралы қосымша ақпарат беру арқылы бұл жобаға өз үлесін қосуға шақырамыз. Кез келген адам жеке отбасылық мұрағаттарда сақталған құжаттармен сайтты толықтыруға көмектесе алады. Бұл фотосуреттер, құжаттар, майданнан келген хаттар және басқа материалдар болуы мүмкін.

Бұл портал — Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, еріктілер мен азаматтық қоғамның бірлескен жұмысының нәтижесі.



Шымкент қаласының әкімі Фабит Сыздықбеков Жеңістің 79 жылдығына орай “Даңқ” мемориалына гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Қала басшысы ардагерлермен және тыл еңбеккерлерімен бірге Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

ҚАЛА ӘКІМІ ҰОС АРДАГЕРЛЕРІНЕ ПӘТЕР КІЛТТЕРІН ТАБЫСТАДЫ

Мегаполис басшысы ардагерлер Төлепберген Мұраталы мен Нина Егоровна Мосунованы мерекемен құттықтады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан алғыс хат табыстап, салтанатты жағдайда пәтер кілттерін тапсырды.

Айта кетейік, қала әкімі Фабит Сыздықбековтің тікелей ұсынысымен Жеңістің 79 жылдығына орай ҰОС ардагерлеріне көрсетілетін көмек көлемі 1 329 120 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін көтерілді. Сондай-ақ ҰОС ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға 166 140 теңге төленді. Бұған дейін олар 132 мың теңге алған. Тыл еңбеккерлеріне де материалдық көмек көрсетілді. ткен жылы оларға 41 400 теңге төленсе, биыл бұл сома 55 380 теңгеге артты.

ВИЗАЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ТУРИЗМГЕ ОҢ ӘСЕР ЕТЕДІ

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Еуропалық Одақтың Қазақстандағы кілдігінің Басшысы Кестутис Янкаускаспен кездесті.

Тараптар туризм және спорт саласындағы ынтымақтас-тықты және бұқаралық спортты дамытуда тәжірибе алмасуды талқылады. Қазіргі таңда ел азаматтарының 40,4%-ы жүйелі түрде спортпен айналысады. 2023 жылы дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдердің үлесі 27,3%-ға (984 мың адам) жетті.

Ведомство басшысы министрлік Еуропа елдерімен туризм саласында ынтымақтас-

тық орнатуға көп көңіл бөлетінін атап өтті. йткені Еуропа — елімізге туристерін тарту қажет негізгі нарық.

«Қазақстан Еуропалық Одақпен жан-жақты байланысын нығайтып келеді. Біз жүзеге асырып жатқан бастамалар, соның ішінде ЕО азаматтарына елде 30 күнге дейін жүруге мүмкіндік беретін біржақты визасыз режим және олар үшін визалық мәселелерді жеңілдету Еуропалық Одақпен тығыз байланыс орнатуға деген ұмтылысымызды көрсетеді. Қазақстан азаматтары үшін визалық талаптарды жеңілдету туризмнің дамуына және өзара туристік ағымның



артуына оң әсер ететініне сенімдіміз», - деп атап өтті Ермек Маржықпаев.

Кездесу барысында ЕО өкілдеріне Қазақстанның туристік әлеуеті таныстырылды. Шетелдік меймандар еліміздегі саяхаттың эко, этно және шығырман оқиғалы түрлеріне ерекше қызығушылық танытты.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ МЕН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕС ҮШІН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТАРИФТЕРІ ТӨМЕНДЕТІЛДІ

«Энергопоток» ЖШС ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментіне Шымкент қаласы мен Түркістан облысының заңды тұлғалары үшін электр энергиясына тарифті 42,23 теңгеден 37,00 теңге/кВтсағқа дейін яғни 12,4%-ға төмендету туралы өтінішін жолдады.

Төмендетілген тариф 2024 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі. Жалпы облыс бойынша 32 000-дан астам абонентке (заңды және жеке кәсіпкерлер) тариф төмендетіледі.

Тарифті төмендету ҚР ҰЭМ ТМРК-ның аумақтық департаменттері реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдар үшін электр энергиясын жабдықтау жөніндегі қызметтерге лицензиялардың қолданылуын жақында тоқтатқаннан кейін мүмкін болды.

Еске сала кетейік, бұл жұмысты Үкімет Мемлекет басшысының делдал ұйымдарды, оның ішінде тұтынушыларды электрмен жабдықтау тізбегіндегі өнімсіз делдалдарды алып тастау жөніндегі тапсырмасы аясында жүргізді.

Тарифті төмендетудің алғышарты тұтынушылардың (қаланың заңды тұлғалары мен бюджеттік ұйымдарының) реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын кепілді жеткізушіге («Энергопоток» ЖШС) ауысуы болды, бұл кепілді жеткізушінің көрсетілетін қызметтерінің көлемін ұлғайту жағына, тиісінше тарифтің өзін төмендетуге әсер етті.

Электрмен жабдықтау қызметтерін үздіксіз алу үшін Шымкент қаласы мен Түркістан облысының заңды тұлғаларына «Энергопоток» ЖШС-мен тиісті шарт жасасу ұсынылады.

Сұрақтар туындаған жағдайда «Энергопоток» ЖШС-ның кеңселерінің біріне жүгінуге болады:

Заңды тұлғалар үшін:

Шымкент қ., Тоқаев к-сі 27, тел. 777-333.

Шымкент қ., ш / а. Сәуле, Зерде к-сі 30, тел.777-333.

Түркістан қ., Ф. Мүсірепов к-сі 27, тел.3-34-03.

Сондай-ақ, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС:

Шымкент қаласы, Б.Саттарханов көшесі 10/1 мекенжайында орналасқан кеңсе тел. 50-57-11.



СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ҚАНДАЙ ӨТЕМАҚЫ АЛА АЛАДЫ

Ұлттық экономика министрлігі Қаржы министрлігімен, «Атамекен» ҰКП-мен және зардап шеккен өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп 2024 жылғы су тасқынының салдарынан шағын және орта бизнес субъектілеріне (бұдан әрі — ШОБ) келтірілген мүлктік шығындарды өтеу қағидаларын әзірледі.

Төлемдерін сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын сақтандырылған мүлкті қоспағанда, шағын және орта бизнес субъектілерінің жоғалған немесе бүлінген мүлкі үшін өтемақы беріледі.

Кәсіпкерлер өтемақы төлеуге өтініш бермес бұрын келтірілген шығынды бағалап, өтемақы мөлшерін анықтауы қажет.

Келесі шығындар өтелуге жатады:

Жылжымайтын мүлік (гимараттар, құрылыстар, жабдықтар) — ұсынылған ақаулық ведомосі, жобалау-сметалық және сметалық құжаттама бойынша.

Тауарлық-материалдық құндылықтар, негізгі құралдар (жылжымайтын мүлкті қоспағанда) — айналымның не кәсіпкерлік субъектісі табысының орташа айлық сомасына байланысты Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде.

Жылжымалы мүлік — қалпына келтіру жөндеу сметасына сәйкес, мүлкті бағалау туралы есеп бойынша.

- Төлемдер өңірлердегі мемлекеттік бюджет қаражатынан және бюджеттен тыс қорлардан жүзеге асырылатын болады.

- Номалар агроөнеркәсіптік кешендегі кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлктік залалдарды өтеуге қолданылмайды, олар үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірлеген өтемақы төлеудің жекелеген ережелері қолданылады.

-Жоғалған тауарлық-материалдық құндылықтар үшін өтемақы көтерме жеткізушінің сатып алу бағасы бойынша жүзеге асырылады.

- темақы туралы шешімді жергілікті жерлерде әкімдіктер құрған ңірлік комиссиялар қабылдайды.

-ШОБ субъектісі өтемақы сомасымен келіспеген жағдайда, залал мөлшері сот сараптамасы негізінде айқындалады.

- Бағалау және/немесе ілеспе аудиторлық қызметтерді жүргізуге байланысты қызметтерге ақы төлеу, қалпына келтіру жұмыстарына, адвокаттардың қызметтеріне сметалар жасау және шығындарды калькуляциялау әкімдіктер есебінен жүргізіледі.

- темақыға өтініштер 2024 жылдың 30 қараша-

сына дейін қабылданады.

темақы алу үшін өтініш беру тәртібі

1) Кәсіпкер өтемақы төлеуге өтініш берер алдында аудан/қала әкімдігіне 2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен деп тану туралы өтінім жасайды;

2) Кәсіпкер өтемақыға өтініш берер алдында бағалау және сараптама компанияларын тарта отырып, келтірілген шығындарды бағалауды жүзеге асырады (компаниялардың тізбесі әкімдіктердің сайттарында жарияланады);

3) Кәсіпкер қажетті құжаттарды жинағаннан кейін e-gov.kz электронды порталы арқылы немесе қағаз жеткізгіште әкімдікке залалдарды өтеу туралы өтінішті жолдайды (мүлік иесі өтінішті жеке өзі бере алмаса, ол сенім білдірген тұлға ұсынуы мүмкін)

4) ңірлік комиссия 5 жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды және өтемақыны қанағаттандыру не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

5) ңірлік комиссия 1 жұмыс күні ішінде отырыс хаттамасына қол қояды және 1 жұмыс күні ішінде кәсіпкерді қабылданған шешім туралы хабардар етеді;

6) темақы өтініште көрсетілген шотқа 10 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

темақы алу үшін қажетті құжаттар тізімі:

1) жеке кәсіпкерлер үшін — жеке кәсіпкердің талоны, заңды тұлғалар үшін — заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

2) меншік құқығын растайтын құжаттар;

3) ерікті мүлктік сақтандырудың жоқтығы туралы өтініші;

4) мүлік иесіне ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген жазбаша хабарлама

5) бағалау, сараптама ұйымдарына мәліметтердің дұрыстығы үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген жазбаша хабарлама

6) келтірілген шығындарды бағалауды растайтын құжаттар;

7) бағалау және өтемақы мөлшерін айқындау үшін тартылатын өзге де компаниялардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлеуге арналған шот-фактура немесе шот;

8) зақымдану фактілерін растайтын өзге де құжаттар, фото және бейнематериалдар.

темақы мәселелері бойынша кеңес алу үшін «Атамекен» ҚР ҰКП-ның 1432 сенім телефоны жұмыс істейді.

ТҮРКІСТАНДА ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Биылғы Отан қорғаушылар күні мерекесі — Ұлы Отан соғысының батыры, алғашқы Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Осы тұлғалардың құрметіне отаншылдықты, ерлікті дәріптейтін іс-шаралар өтуде. Бүгін Түркістанда 7 мамыр — Отан қорғаушылар күні мерекесіне арналған шара өтті. Мерекелік жиынға облыс әкімі Дархан Сатыбалды арнайы қатысып, әскерилерді құттықтады.

— Ұлт қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс — күймейсің» деген қанатты сөзі бар. Сол ұстанымға адал болу — баршамыздың міндетіміз! Туган ел мен жерді қорғау — әрбір азаматтың қасиетті парызы. Қазақ мемлекетін қалыптастыру жолында тарихта аты алтын өріптермен жазылған ұлы баһадүрлердің ұрпақтары әлсіз болмауы тиіс. Сондықтан 18-ден асқан ұландарымыз әскерге барып, Отанға қызмет етуге міндетті. Ал еліміздің Қарулы күштері қатарында демографиясы жоғары Түркістан жастарының көп болуы — заңдылық. Мемлекетіміз отаншыл, батыр, адал ұрпақпен толыға берсін. Шекарамыз бүтін, аспанымыз ашық, күніміз шуақты, өскеріміз қуатты болсын! Әрдайым бейбітшілік салтанат құрып, Қазақстанымыз мәңгі жасай берсін! Отан қорғаушылар күні

құтты болсын! — деген облыс басшысы әскерилерге құрмет көрсетіп, марапаттады.

Жиында «Ұлттық ұлан» сарбаздарының әскери шеруі өтті. Қолбасшы облыс әкіміне баяннат жасады. Қазақстан Республикасының Гимні орындалды. «Ұлттық ұлан» №6506 әскери бөлімі сарбаздарына Қорғаныс министрлігінің және Ішкі істер саласы бойынша әскери шен тапсырылды.

ңір басшысы бұдан соң әскерге шақырушыларды шығарып салу рәсіміне қатысты. Әскерге аттанушылармен кездесіп, ақ тілегін арнады. 100 орындық облыстық жинақтау бекетінің жалпы жағдайымен танысып, әскерге шақырушылардың жатын бөлмелерін аралап көрді. Тамақтану орнын және шақырушылардың психологиялық тесттен өту барысымен, облыстық медициналық комиссияның жұмысымен танысты. Мамандар жастар денсаулығының жақсарғанын атап өтті.

Айта кетейік, Түркістан облысы бойынша былтыр 4500-дей жас әскерге аттанды. Биыл да өрендер әскери бөлімдерге жіберіледі. Облыста әскери-патриоттық бағыттағы жұмыстар жанданып жатыр. Білім ұяларында оқушылар мен студенттерге ерлік пен елдіктің маңызы дәріптелуде. Қоғамда әскери салаға деген қызығушылық артып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады.

А.ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Түркістан облысында 2023-2025 жылдары 63 жаңа мектеп бой көтереді. Келешекте онда 49 мың бала білім алады. Салынып жатқан мектептердің саны әр өңірдің қажеттілігін әрі демографиялық ахуалын ескере отырып анықталған. Сондықтан «Жайлы мектеп» жобасы — өңірімізде мектеп тапшылығын шешуге берілген үлкен мүмкіндік.

Мемлекет басшысының бастамасы негізінде қолға алынған заманауи, жайлы мектептердің салынуы өңірдегі үш ауысыммен оқытатын және апатты мектептер проблемалары шешілмек. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды аталған жоба аясындағы жұмыстарды саралау үшін жауапты мердігерлер мен жобаны үйлестіруші «Самұрық-Қазына» қоры өкілдерінің басын қосты. Мәжілісте ұлттық жобаны өңірде асырудың өзекті мәселелері жан-жақты талқыланды.

Әкім төрағалығымен өткен мәжілісте пилоттық жобаның іске асыру барысы қаралды. ңір басшысы жауаптыларға жұмысты ширатуды тапсырды. Жұмысшы санын арттырып, құрылыс кестесін екі ауысымда жүргізуді міндеттеді. Облыс әкімі жаңа мектептердің құрылысына құрылыс материалдарын, жабдықтар мен жиһаздарды сатып алу ісіне барынша отандық өндірушілерді тарту қажеттігін айтты. Алайда құрылыс материалдарының бағасын шарықтатпауды қатаң ескертті. «Жайлы мектептерді» білікті ұстаздармен қамту аса маңызды.

Пилоттық жобаның өңірде жүзеге асуын Түркістан облысының әкімі жеке бақылауына алған. Бекітілген кестеге сай 29 оқу ұясы биыл қолданысқа берілмек, олардың 19-ы есіктерін қыркүйектің бірінде айқара ашпақ. Жобаны жүзеге асырудың екінші кезеңінде, яғни 2025 жылы тағы 34 мектеп халық игілігіне тапсырылады.

Шымкент қаласы білім басқармасының алқа мәжілісі өтті. Сәуір айын қортындылап атқарған жұмыстардың есебін берген мәжіліске білім басқармасына қарасты мектеп, балабақшалар мен колледж басшылары және қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек қатысты.

ішінде мемлекеттік мектепте 206 286 оқушы (79,6%), жекеменшікте 52 887 оқушы (20,4%) білім алуда.

Инфрақұрылым және материалдық-техникалық базаны дамыт мақсатында қаладағы үш ауысымды және орын саны шамадан тыс мектептердің мәселесін шешу мақсатында 2023 жылы қуаттылығы 19 928 орынға арналған 23 мектеп (3 мемл., 20 ж/м) берілді. Нәтижесінде, үш ауысымда оқытатын мектеп мәселесі

нормаларын орындамаған.”

Осы сияқты өзекті мәселер қаралған алқада басқарма басшысы Нұргүл Шәмшиева алдағы уақытта мониторинг жүргізілген мектептерде кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Баяндамадан кейін қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек білім саласындағы кемшіліктерді тізіп өтіп, көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, суи-

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ



толығымен шешілді.

Сондай-ақ, демографиялық өсімге байланысты 2028 жылға дейін қуаттылығы 50 340 орынға арналған 63 мектеп салу жоспарлануда.

цидтің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері туралы айтты. Қаралған мәселелер аясында бірқатар тапсырмалар берді. Көмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 2023-2025 жылдарға арналған ведомствоаралық кешенді іс-шаралар жоспарын қайта қарау ұсынылды.

Жалпы білім саласына

Жиында басқарма басшысы Нұргүл Шәмшиеваның баяндамасы тыңдалып, білім беру ұйымдарындағы оқушылар мен студенттердің денсаулығы, білім алуы, қауіпсіздігі талқыланды.

Басқарма басшысы 2023 және 2024 жылдың I-тоқсанында атқарылған жұмыстарының мемлекеттік мектептерде жүргізілген кешенді мониторингтік қорытындылары туралы айтып өтті. Білім басқармасының кеңейтілген алқа отырысының күн тәртібіне қойылған 2 мәселе төңірегінде 2 сағаттан астам сөз өрбіді. Басқарманың 2023 және 2024 жылдың бірінші тоқсанында атқарылған жұмыстарын Нұргүл Шәмшиева жіпке тізгендей етіп баяндап берді.

“2024 жылы білім саласына жалпы қаралған қаржы - 228 млрд 353,5 млн теңгені құрайды.

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту бағыты бүгінгі таңда 608 мектепке дейінгі білім беру мекемелері жұмыс істеуде.

Бұл бағыттағы басты көрсеткіш балаларды мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамту. 2023 жылы 28 балабақша ашылып, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту үшін 2 845 орынға мемлекеттік тапсырыс берілді. 2025 жылға дейін 11 425 жаңа орын ашу жоспарланған. Оның ішінде 2023 жылы қуаттылығы 2 845 орындық 28 балабақша ашылды. 2024 жыл соңына дейін 35 балабақша ашылады деп жоспарланған.

Орта білім беру саласы бойынша

Бүгінгі таңда қаладағы мектеп саны 275 құрап отыр оның 150 мемлекеттік, 125 жекеменшік. Ондағы білім алушылар саны 259 173. Оның



Мониторингпен қамтылған мектептердің жалпы үлесі мемлекеттік орта білім беру ұйымдардың 50 %-ын құрайды. Оның ішінде Абай ауданының 16 мектебі, Әл-Фараби ауданының 14 мектебі, Еңбекші ауданының 16 мектебі, Қаратау ауданының 12 мектебі, Тұран ауданының 10 мектебі.

Мониторинг барысында 4 мектепте лицензиясы жаңартылмаған, 4 мектептің мектепалды даярлықты жүзеге асырылатындығы туралы хамарлама берілмеген. 11 мектепте білім алушылар ауыз сумен қамтамасыз етілмеген. 19 мектепте бастауыш сынып оқушыларына арналған шкафтар жоқ.

16 мектепте мектептің нақты ҰББДҚ (НОБД) сәйкес келмейді. 2 мектепте педагогтың білімі тиісті бейініне сәйкес келмейді. 5 мектепте директор орынбасарының біліктілігіне қойылатын талаптар орындалмаған. 6 мектеп бос немесе уақытша лауазымға педагогтерді қабылдау қағидалары орындалмаған.

14 мектепте бейнекамералар жұмыс жасамайды. 3 мектепте терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерді тағайындау туралы бұйрығы жоқ. 8 мектепте өрт қауіпсіздігі қағидалар

Мемлекет басшысынан бастап, аймақтағы биліктің де жіті назарында. Қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша “Жайлы мектеп” ұлттық жобасы аясында салынып жатқан білім ғимараттарының құрылысына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Аталмыш жоба қала басшысының басты назарында. Қатысушылар нысандарды инженерлік коммуникациялармен қамту, абаттандыру жайын, сондай-ақ құрылысты салу және пайдалануға беру мерзімдерін егжей-тегжейлі пысықтады. Сонымен қатар, нысандарды салу кезінде қаланың жергілікті кәсіпорындарының, атап айтқанда, жиһаз фабрикаларының өнімдерін пайдалану қажеттілігі айтылды.

Жиын қорытындысымен әкім құрылысты сапалы, мерзімінде аяқтау бойынша жауаптыларға нақты тапсырма берді. Мектептерді заманауи технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету және жайлы мектептерге білікті мамандарды даярлау мәселелерін шешуді тапсырды.

Акерке ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ.

Соғыс. Бұл сөзді естігенде кез-келген адамның денесі тітіркенеді. Себебі қай кезеңде болмасын соғыс елге де сол елдің халқына да оңай тимейтіні анық. Мемлекеттің экономикасына ауыр соққы беріп, кейін де құлдырауына алып келсе, әрбір отбасы азаматынан айырылып қара жамылып жатады. Соның ішінде тарихта ауқымы мен ұзақтығы жағынан есте қалған 1941-1945 жылдардағы алапат. Қан майданға әрбір екінші отбасының ер азаматы аттанып, қыршынынан қиылып жатты. Қара жамылмаған шаңырақ кемде-кем еді. Сұрапыл соғысқа 1,5 миллионға жуық адам

ларымен мақтанады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жеңіс күнімен құттықтауында «Қазақстан адамзаттың ортақ жеңісіне, жер бетінде әділдік пен бостандықтың салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты. Аға буынның екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлігі мен еңбегі өскелең ұрпақ үшін қайсарлықтың, жанқиярлықтың және отаншылдықтың озық үлгісі болып қалатыны сөзсіз», - деді. Биыл Ұлы Жеңіске 79 жыл толып отыр. Адамзат тарихындағы ең алапат сол майданда қазақ халқы шешуші рөл атқарғаны белгілі. Еліміздің ержүрек жігіттері мен қайсар қыздары әлемде бейбітшілік

лық милицияда және Түркістан қаласының автобазасында жүргізуші болып жұмыс істеген.

Айта кетейік, бүгінде өңірде II Дүниежүзілік соғысының 11 ардагері бар. Оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде. Жеңіс мерекесінің құрметіне бір реттік материалдық көмек төлеу үшін аудандық, қалалық бюджет есебінен 176,5 млн. теңге қаржы бөлінді. ҰОС ардагерлеріне 1,5 млн. теңгеден үлестірілсе, 3600-ден астам тыл еңбеккерлері мен қаза болған жауынгердің жесірлеріне және басқа да санаттардағы ардагерлерге қаржылай көмек қарастырылды.

Облыстың барлық аудан, қалаларында Жеңіс күнінде отаншылдықты дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастырылып, жауынгерлерге, қазіргі ардагерлерге құрмет көрсетілді. Аудандардағы Жеңіс мерекесіне тоқталар болсақ:

Сайрам ауданы аумағындағы Орталық саябақта 9 мамыр күні меркелік шарада ескерткішке гүл шоқтары қойылып, сұрапыл соғыста жанқиярлықпен ерлік көрсеткен батырлар мен бабалар рухына Құран бағышталды. Жастарды отаншылдыққа, азаматшылдыққа, соғыс ардагерлерін ардақтауға, өз Отанын сүюге және үлкендерді сыйлауға тәрбиелейтін іс-шара аясында аудан әкімі құттықтау сөз сөйледі.

«Сіздерді 9 мамыр — Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Алапат соғыс біздің халқымыздың, батыр ба-

марапатталған.

Майдангер мейраммен құттықтап келген аудан әкімі мен қонақтарға алғыс айтты. Сын шақтарға шегініс жасап, зұлмат жылдардағы естеліктерімен бөлісті. Елімізге бейбітшілік тілеп, ақ батасын берді.

Кентау қаласында болса С.Қожанов саябағындағы «Азалы ана» ескерткішінде Отан үшін отқа түскен ардагерлерді еске алуға арналған шара өтті.

Жиында қала әкімі Жандос Тасов бүгінде батыр ардагерлеріміздің қатары күн санап сирей түскенімен, оларға деген құрмет арта беретінін атап өтті.

«Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Біздің парызымыз — бұл алапат соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету», деді қала әкімі.

Еске алу шарасына қала тұрғындары, зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері, Ауган соғысы ардагерлері, мекеме қызметкерлері мен қала жастар қатысты.

Ұрпағына жеңіс сыйлаған ардагерлердің рухына тағзым ету шарасында қалалық маслихат төрағасы Қ.Елеусізов, қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары М.Юлдашев, ақсақалдар кеңесінің төрағасы М.Молжігітов меркелік құттықтауларын арнады. Бүгінгі таңда, Кентау қаласында 1

АЙМАҚТА ЖЕҢІС КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

аттанса, 600 мыңға жуық отандасымыз қайта оралмады.

Ал оңтүстік өңірінен Екінші дүниежүзілік соғысқа 140 мыңнан астам азамат аттанып, тең жартысы шейін болды. Оның ішінде 51 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, 8 майдангер III дәрежелі «Даңқ» орденінің кавалері атағын алған.

Соғыс әділетті болсын, әділетсіз болсын шығынсыз болмайды. Бұл тұрғыда қасіреттілігі жағынан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының адамзат тарихында алар орны ерекше. Мұндағы адам шығыны жан түршіктіреді. Дегенмен, асқан өжеттілікпен Кеңес әскерлері Жеңіске жетеді. Адамзат тарихындағы ең үлкен жеңісті 9 мамырда ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның аумағында жыл сайын бүкілхалықтық мереке — ретінде аталып өтіледі.

Түркістан қаласында да Жеңістің 79 жылдығына арналған мерекелік іс-шара өтті. Отан облыс әкімі Дархан Сатыбалды, соғыс және тыл ардагерлері, әскерилер, жастар және қала тұрғындары қатысты. Саябақтағы мемориалдық кешені тақырыпқа сай безендіріліп, келушілерге Отан қорғаушылар мен Жеңіс күніне арналған көрме ұсынылды.

Арнайы әскери оркестр сүйемелдеуінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалған соң жиынға қатысушылар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ерлерді, ел басына күн туған кезде өмірін құрбан еткен жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Ел азаматтары ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Түркістан облысының әкімі көпшілікті Жеңіс күнімен құттықтап, бұл мерекенің маңызына тоқталды.

— Баршаңызды Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы «Ерлік — тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады» дей келе азаматтарды ерлік жасауға шақырған. Бұл ретте Қазақстанымыз ержүрек батыр-

туын желбірету үшін қан төкті. Ерлік көрсетіп, Ұлы Жеңіске үлес қосты. Тылда еңкейген қария мен балалардың өзі күндіз-түні еңбек етіп, жеңісті жақындатты. Сондықтан Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне құрмет көрсету, олардың ерліктерін ұрпаққа дәріптеу — ортақ міндет. йткені, біз — жеңімпаз буынның ұрпағымыз! Ардагерлерімізге, олардың ұрпақтарына амандық, шаттық тілеймін! Биыл Кеңес одағының батыры, алғашқы Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы, Рейстағқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Қос қаһарманның ерлікке толы өмірі — ұрпақ үшін өнеге! Біз ардагерлеріміздің ерлігін ұмытпаймыз және мәңгі есте сақтаймыз! Елімізде әрқашан бейбітшілік заман, ұрпағымыз аман болсын! Тәуелсіз еліміздің мәртебесі биіктей берсін! — деді Дархан Сатыбалды.

«Жеңіс» саябағындағы мазмұнды жиында түркістандық «Жаңа леп» ұжымы «Ер есімі — ел есінде» театрландырылған музыкалық қойылымын ұсынды. Облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов пен Түркістан облысының Қорғаныс істері бойынша департаментінің бастығы Нұрмаханбет Дүйсебаев жастарды отаншылдыққа бастайтын келелі ойлар айтты. Іс-шара «Семсер» тобының орындауындағы Бағдат Алтаевтың «Жеңіс күні» әнімен түйінделді.

Жеңіс күніне орай облыс әкімі Дархан Сатыбалды 102 жастағы түркістандық ардагер Немет Әбдірасиловтың үйіне арнайы барып, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. Екінші дүниежүзілік соғысының ардагеріне сый-құрмет көрсетті.

Немет Әбдірасилов 1922 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. I дәрежелі Отан соғысы, II және III дәрежелі Даңқ ордендерімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» және басқа да 24 медальмен наградталған. Соғыс аяқталған соң Түркістан қала-

баларымыздың, өкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытты. Біз қашанда ерлік пен батырлықтың көзсіз үлгісін көрсеткен жауынгерлердің рухына тағзым етіп, бас иеміз. Осынау сұрапыл соғыста біздің Сайрам ауданынан 20 195 адам соғысқа аттанып, соның 8 115-і еліміздің бостандығы жолында қаза тапты. Біз ұдайы «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» деген ұранды ұстанған халықпыз. Бүгінгі жас ұрпақ аға буын ардагерлер көрсеткен қаһармандық пен қайсарлықты, батырлық пен батылдықты үйренеді. Сіздерді Жеңіс күні мерекесімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Ұрпақтарыңыздың қуанышын көріп, бақытқа кенеле беріңіздер! Баршаңызға мықты денсаулық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!» Арман Сәбитов.

Сондай-ақ аудан әкімі бастаған зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойды. Салтанатты жиын соңы соғыстың қиын кездері көрініс табатын жауынгерлердің батырлығын дәріптейтін концерттік бағдарламаға ұласты.

Бұдан соң аудан әкімі Арман Сәбитов аудандағы Қарабұлақ ауылдық округінде тұратын 98 жастағы соғыс ардагері Ахмаджан Анартаевтің шаңырағына барды. Президенттің, облыс әкімінің және өзінің атынан құттықтауын жеткізіп, сый-құрмет көрсетті.

Ахмаджан Анартаев 1926 жылы 10 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылында жұмысшылар отбасында дүниеге келген. 1944 жылдың 5 мамырында Сайрам аудандық комиссариатына шақырылып, 64-ші атқыштар полкінде әскери борышын өтеген. Польшаны азат ету ұрысына және Германия соғысына қатысқан. 1949 жылдың 10 сәуірінде әскерден оралған. I дәрежелі «Ұлы Отан Соғысы», «Германиядағы жеңіс үшін» және 8 мерейтойлық медальдармен

соғыс ардагері, 364 тыл еңбеккері мен 18 ардагердің жұбайлары бар. Шара соңында бақылық болған батыр жауынгерлердің рухына тағзым көрсетіліп, есімдері жазылған ескерткіш алдына гүл қою рәсімі өтті.

Жетісайда мерекелік іс-шараға жиналғандар сұрапыл соғыста кеудесін оққа тосып, ел үшін жанын берген батыр бабаларымызды 1 минуттық үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтарын қойды. Іс-шара барысында аудан әкімі Серік Үсенұлы Мамытов тұрғындарды мерекемен арнайы құттықтады.

«Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды қастерлі де ұлы мереке — Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз» деді аудан басшысы құттықтау сөзінде.

Аталмыш шараға аудандық мәслихат хатшысы Медет Қасымов пен аудандық ардегерлер кеңесінің төрағасы Айтбай Маханбет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің 2037 әскери бөлімінің шекарашылары, ардагер ата-әжелер қатысты.

Жеңістің 79 жылдық мерейтойына орай, Төлеби ауданының әкімі Төлеген Телгараев, аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Қойбағаров ардагерлерге

теңестірілген тыл еңбеккерлерін үйлеріне арнайы барып, құттықтады.

Ел басына күн туганда қолына қару алып, майданның алдыңғы шебінде жүрген батыр бабаларымыздың ерлігі бүгінгі және келешек ұрпақ санасында нағыз адамгершіліктің, отансүйгіштіктің үлгісі болып қалса, тыл ардагерінің еңбегі де ерлік пен қайсарлықтың символы болып табылады.

Аудан әкімі Төлеген Тұртайұлы Ленгiр қаласының тұрғыны 97 жастағы қарт әже Қасымбаева Тұрлықызды, Жаңаұйым елді мекенінің тұрғыны 88 жасар Бектұров Қыстаубай қарияны құттықтап, сый-сияпатын жасап, ізгі тілегін жеткізді. Қариялардың өнегелі әңгімесін тыңдап, ақ батасын алды.

Жегі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, 29-немере, 98-шөбере. 14- шөпшек көрген әже елімізге тыныш, бейбіт өмір тілеп, арнайы құттықтап барған аудан басшысына алғысын жеткізді. Бейбітшілік пен бостандық үшін күрескен аға буынның жанқиярлығын, қажымас қайраты мен ерік-жігерін әйгілейтін 79-шы мейрамын аудан халқы Жеңіс жауынгерлерінсіз қарсы алды. Аудан әкімдігі тарапынан тыл еңбеккерлеріне, Тәжік-ауган шекарасын құзетуде ел тыныштығын сақтап, жастарға өнеге болған Ауган соғысының ардагерлеріне, Қазақ жеріне сансыз қасірет алып келген Семей ядролық полигонының жабылуына үлес қосқан және Чернобыль апатының қуәгерлеріне құрмет көрсетілді.



Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев, аудандық мәслихат төрағасы С.Тасқұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Сүлейменов, Сарыағаш аймағы бойынша ауданаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы А.Тулендиев 9 мамыр —Жеңіс күні мерекесі қарсаңында аудан тұрғыны, соғысы ардагері, 101 жастағы қария Ишхонов Эрмоханның үйіне арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Аудан басшысы ардагерге және оның отбасына амандық саулық тілеп, құттықтау қағазы мен қосымша демеушілер есебінен арнайы 1 000 000 теңге қаржылай сыйлықты табыстады. Ардагер құрмет көрсетуге келген қонақтарды қуана қарсы алып, өзінің майдан даласындағы кешкен қиыншылықтарынан сыр шертіп, қан майдандағы шайқастарын, қарулас достарын еске алды. Сөз соңында жас ұрпаққа бейбіт өмір мен амандық тілеп, алғысын айтып, ақ батасын берді.

Ардагер 1923 жылы 1 қаңтарда Ташкент облысы, Калинин ауданында дүниеге келген. 1942 жылы 5 мамырда әскер қатарына шақырылып, соғысқа аттанған. І дәрежелі «Отан соғысы», «КСРО Гвардиясы» ордендерімен, «Мінсіз қызмет атқарғаны үшін», «Украинаның 50 жылдығы», «Ерлігі үшін» және т.б. медальдармен марапатталған. Ардагер 4 ұл мен 3 қыздан 33 немере, 49 шөбере, 6 шөпшек сүйіп отыр.

Ордабасы ауданының орталығының «Ардагерлер аллеясында» өткен мере-келік шарада аудан әкімі Азат Оралбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Бақдәулет Жұмабеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бостандық Жөкей, тыл ардагерлері, зиялық қауым өкілдері, әскерилер, жастар және аудан тұрғындары қатысты.

Шарада аудан басшысы мен қатысушылар «Даңқ мемориалының» алдындағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Жалпы Жеңіс күні қарсаңында аудан әкімі Азат Оралбаев Бадам елді мекенінің тұрғыны, ҰОС ардагері Қалмен Мұратұлын мерекемен құттықтап барды.

Аудан басшысы жүз жастағы майдангер ақсақалға облыс әкімінің мерекелік құттықтауын жеткізіп, жүрекжарды ақ тілегін білдірді. Сонымен қатар, Қалмен қарияға ауданның жомарт жандарының атынан автокөлік сыйға тарту етілді.

з кезегінде майдангер қария өзін мерекемен құттықтап келген азаматтарға көрсетіп жатқан ілтипаты мен қамқорлықтары үшін алғыс айтып, ақ батасын берді.

Қалмен Мұратұлы 1924 жылы өмірге келген. Соғысқа 1942 жылы 18 жасында аттанған. 1944 жылы Витебск қаласының маңында қолынан ауыр жарақат алып, госпитальге жіберілген. Елге екінші топтағы мүгедек болып оралған ол бірден еңбекке араласып, ұзақ жыл теміржол, ауылшаруашылық саласында еңбек еткен.

Жарты әлемді шарпып 1814 күнге созылған соғысқа Түлкібас ауданынан 5 мыңға жуық жауынгер атанып, үштен бірі ғана елге оралған. Қазіргі таңда Жеңіс жауынгерінің 1-і ғана ортамызда. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жан беріп, жанын пиде еткен жауынгерлерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету — біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты парызымыз.

Түлкібас ауданының ардагерлер аллеясында Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құрметтеп, әуақтарына тағзым ету мақсатында шара өтті.

Ісшараға аудан әкімі Нұржан Ізітлеуов, жерлесіміз, экономика ғылымдарының докторы Оразалы Сәбден, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қасымбек Сәтбай, Ауган соғысының ардагерлері мен ҰОС ардагерлерінің туган-туыстары, мәслихат депутаттары, мекеме қызметкерлері мен аудан жастары қатысып, сөз сөйлеп, ісшараның бар маңыздылығын айтып өтті.

Жиналған қауым соғыс ардагерлерінің ескерткішіне гүл шоқтары қойып, Зұлмат соғыста бақилық болғандарды 1 минуттік үнсіздікпен еске алды.

Ігі шарада аудан әкімі Нұржан Жақсылықұлы сөз сөйлеп, кейінгі ұрпаққа бүгінгі шараның бар маңыздылығын айтып өтті.

Әрбір қазақстандық үшін Жеңіс күні ерекше мерекелердің бірі болып табылады. Іткені, бұл мерекеде талай жанның қаны, қаншама жанның жан жарасы жатыр. Қан майданда Отан үшін жанын оққа тосқан батырларымыздың ерлігі ешқашанда ұмытылмақ емес.

Ауданымызда сұрапыл соғыс оты шарпымаған шаңырақ кемде-кем. Ауданнан соғыс жылдары майданға 5770 адам аттанған. Солардың ішінен 4-і Кеңес одағының батыры, 1-і Даңқ орденінің ковалері атағын иеленген. Майданға кеткен жерлестеріміздің жартысына жуығы қайтыс болған.

Бүгінде отан үшін, келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін сұрапыл со-

ғысты көзімен көріп, қиындығын кеудесіне жиган жеңіс жауынгерлерінің 1-еуі ғана арамызда. Ардагеріміз біз үшін үлкен қазына. Ешнәрсемен тең келмейтін ерлігімен тарих парағында өшпес із қалдырған аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Олардың есімдері халықтың жүрегінде мәңгі сақталады. Қандай құрметке болсын лайық ардагерлерімізді құрмет тұтып, қадірлеу біздің азаматтық парызымыз.

Қадірлі тыл еңбеккерлері! Сіздерді Жеңіс мерекесімен тағы да құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ гүмыр, бейбіт өмір, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Ұрпақ келешегі үшін жасаған сөзсіз қаһармандықтарыңыз бейбіт күннің ұландарына қалтқысыз үлгі болады деп сенемін. Көңілдеріңіз тыныш, күндеріңіз шуақты болсын! — деп сөзін қорытындыланды аудан басшысы.

Қос мерекеге орай Қазығұрт ауданы орталығында орналасқан «Батыр бабалар аллеясында» аудан әкімі Азизхан Исмаилов бастаған барша аудан активі, Ардагерлер кеңесі мүшелері, Ауган соғысы ардагерлері, түрлі қоғамдық ұйымдардың мүшелерінің қатысуымен ескерткіштерге гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Атап айтқанда, «Мәңгілік алау» жағылып, Ұлы Отан соғысы, Семей, Тәжік-Ауган және Карабах қақтығыстарының құрбандарына арналған ескерткіштерге гүл шоқтары қойылып, жиналған жұрт соғыс зардабын көрген, елін-жерін қорғаған батырлар мен еліне оралмай майдан даласында қаза болған барша отандастарымызды 1 минуттық үнсіздікпен еске алды.



Созақ ауданы орталығындағы «Даңқ» мемориалында да Жеңіс мерекесіне арналған шара өтті. Соғыс жылдарында ерлік көрсеткен жауынгерлердің құрметіне бір минуттық үнсіздік жарияланып, гүл шоқтары қойылды. Шараға жиналған қонақтарға «Жеңіс» лентасы таратылып, Ұлы Отан соғысында құрбан болған жауынгерлер мен бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлердің рухына Құран бағышталды. Шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жиналған қонақтарды Ұлы Жеңістің 79 жылдық мерекесімен құттықтады.

Одан кейін аудан басшысы Сызған ауылдық округіне арнайы барып, соғыстың аудандағы соңғы майдангері Мырзахмет Жылысбаевқа облыс әкімінің арнайы жіберген құттықтауы мен сый-сияпатын табыс етіп, құрмет көрсетті.

Күрделі жөндеуден өткен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштің лентасын қиып, ауыл тұрғындары мен шараға жиналған қонақтарды мерекемен құттықтады.

Соғыс ардагері Мырзахмет Жылысбаев: «Қазақ халқы қай заманда болмасын жеңіс жолында көзсіз ерлік таныта білді. Осынау бейбіт заманда еліміздің еңсесі биік, мәртебесі үстем, жас ұрпақтың болашағы жарқын болсын» деп ақ батасын берді.

Шараға аудандық мәслихат төрағасы

Ордабек Жәмиев және бірқатар мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Айта кетейік, ескерткіштің биіктігі — 4, ені — 7 метр. Оң және сол жақ бөлігінде II Дүниежүзілік соғысы ардагерлерінің есімдері жазылған тақтайша орнатылған. Ескерткіштің алдыңғы алаңы бетондалып, айналасы темір шарбақпен қоршалған. Келушілерге арналған орындықтар мен түнгі жарықшамдар қойылып, арша ағашының көшеттері отырғызылған.

Ер есімі — ел есінде сақталады. Кешегі арамызда жүрген жандардың өнегелі жолын, даңқты жауынгерлердің кескілескен ұрыстағы ерліктері мен еңбек майданындағы тыл ардагерлерінің еңбектерін бүгінгі ұрпақ естеліктер арқылы танып келеді. Сынаптай сырғыған уақыт алға жылжып, отырарлықтар сұрапыл соғыстағы жауынгерлерді жыл салып қайта еске алды.

Ынтылы елді мекенінде орналасқан «Жеңіс» саябағында соғыс ардагерлерінің ұрпақтары бас қосып, тағзымтақтау гүл шоқтарын қойды. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Жансұлтан Сейтжанов, аудандық мәслихаттың төрағасы Уәлихан Ұзақов, аудандық қорғаныс істері бөлімінің бастығы, подполковник Мұхтар Әуезұлы, тыл ардагерлері, аудан жастары тағылымы мол шараға қатысты.

Әкім міндетін атқарушы Жансұлтан Әділжанұлы соғыс салған жара қанша жыл өтсе де майдангерлерді мазасыз күйге түсірсе, қаншама жанның асқақ арманын желге ұшырғанын да айтты. Көзсіз ерлік жасаған жауынгерлер, соғыс туралы қолбасшы Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаевтардың пікірлеріне тоқталып өтті.

Ия, қазақ халқы «ербасын күн туса, етігімен су кешер, ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер» деп, бекер айтпаса керек-ті. Отан үшін отқа түсіп, толарсақтан саз кешіп, майдан даласында кеудесін оққа тосқан жандардың ерлік жолын халқымыз ешқашан да ұмытқан емес.

Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы жеңіс үшін жанын қиған жауынгерлер туралы «Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ рухымыз отанымыз үшін қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады, біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар. Ол — Отанға деген сүйіспеншілік» деп жазған еді. Отанға, елге деген сүйіспеншілікті арттыру, өскелең ұрпаққа аға буынның ерлігін насихаттау мақсатында Мұхтар Әуезұлы баяндама жасап, Жеңіс күнінің маңызына айрықша тоқталды.

Шара соңына жиналған көпшілік «Жеңіс» композициялық кешеніне гүл шоқтарын қойса, «Төйтелі» мешітінің имамы Мақсат Сұлтанқұлов ұрыс даласында ел мен жері үшін жанын қиған жауынгерлер, бейбіт өмірде елдің дамуына үлес қосқан ардагерлердің рухына арнап Құран бағыштады.

Қазақ даласында қанша ма зобалаң жылдарды басынан кешірді? Ел демографиясына ауыр соққы болды. Оның әсері бүгінгі күнге дейін білінеді. Майдан даласына аттанып, Отан үшін от кешкен батыр бабаларымыздың арқасында бейбіт өмірге қол жеткіздік. Сондықтан да олардың ерлігі мәңгі жүрегімізде қалады. Жеңіс күнін тойлағанда оның қасіреті мен қайғысын да естен шығармау керек!

Бетті дайындаған:
Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

Сәби сүюге зар болған жұбайлардың қатары жыл санап артып келеді. Бедеуліктің белең алып бара жатқаны - бір от басының ғана емес, тұтас ұлттың трагедиясы.

йткені еліміздегі әрбір алтыншы отбасы осындай дертке душар болған. Салдарынан ерлі-зайыптылардың ажырасу көрсеткіші 20 пайызға жетті. Ендеше демографияға кері әсер ететін бұл кеселден қалай сақтанамыз? Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, еліміздегі отау құрған отбасылардың 17 пайызы бедеулікке ұрыныпты. Әрине, бұл дәрігерлерге тексеріліп, анықталғандары. Ал ауруын жасырып жүргендері қаншама? Әсіресе, біздің қазақтың жігіттері бұл жағдайда көбіне әйелдерді кінәлап, өздері дәрігерге бара қоймайды. Ондағысы «кінәрат менен болса, әйелім тастап кетпей ме?» деген қорқыныш. Кінәше қарай, қазір еркектер арасындағы белсіздіктің белең алып келе жатқанын уролог мамандар айтып отыр. Бұл жағдай демографиямызға кері әсер етері даусыз. Репродуктолог, акушер-гинеколог Диана Дүйсенбаеваның айтуынша, ерлі-зайыптылар үйленген соң бір жыл ішінде жүктілік болмаса, олардың біреуінде бедеулік пен белсіздік бар. Яғни, екеуі де тексеріліп, емделуі қажет. — Бедеулік 30-35-ке келген қыз-келіншектердің арасында көп кездеседі. Олар тұрмысқа шыққаннан кейін бірден репродуктолог дәрігерге бармай, 10-15 жыл бала сүймей жүре береді. Барлық балшылар мен емшілерге барып, соңында бізге жеткенше, олардың клеткалары да азаяды. Сондықтан отбасын құрғаннан кейін 1 жыл бала көтермесе, жас жұбайлар бірден арнайы маманға келуі керек. Біз де бас салып, бірден ЭКҰ бастамаймыз. Жас болса, авариалдық қоры тапшы болмаса, ЭКҰ-сыз да бала сүю мүмкіндіктерін қарастырамыз, — дейді Диана Дүйсенбаева. Репродуктолог дәрігердің пікірінше, уақыт созып жүргеннен ерлі-зайыптылардың бала сүю мүмкіндігі азая береді. Қазір қоғамда «карберамды жасап алайын, кәсібімді аяққа тұрғызайын» деп тұрмыс құрмай немесе балалы болуды кеш жоспарлайтын әйелдер саны аз емес. Алайда адам организмі менопаузаға жақындаған сайын клеткаларының сапасы да азая беретінін ұмытпағанымыз жөн.

Әйел бедеулігінің себебі неде?

Әйел бедеулігінің себептеріне келсек, әйелдерде болатын бедеулік екі түрде кездеседі. Оның бірі — өмірлік бедеулік. Бұл ешқандай емдеуге көнбейді. Екіншісі, емдеуге болатын бедеулік. Егер тұрмысқа шыққан әйел үш жылға дейін себепсіз бала көтермесе, оны “бедеу емес пе?” деп күдіктену дұрыс емес. йткені, жаңа тұрмысқа шыққан әйелдердің он пайызы үш жылдан кейін ғана бала көтере бастайтындығын ғылым дәлелдеп отыр. Ал, кейбір әйел бір бала көтергеннен кейін қайтадан босанбай қалуы мүмкін. Бедеуліктің бірінші түріне ем қонбайтын себебі — әйелдердің жыныс мүшелерінің өсіп, кемеліне келмеуі немесе олардың туганнан кеміс болып жаралуы. Бірақ, бедеуліктің бұл түрі өмірде сирек кездеседі. Кейде әйелдің жыныс мүшесі әдеттегідей жетіліп туганымен де өмірде кездесетін түрлі қауіпті аурулардың әсерінен оны сақтау үшін әйелдің жатырын, яки түтігін немесе аналық безін операция жасап, алып тастауға тура келеді. Әрине, мұндай әйел бала көтере мүмкіншілігінен айрылады. Сөйтіп, бедеулікке душар болады. Дегенмен де дәрігерлік тәжірибеде емге көнбейтін үмітсіз бедеулік сирек ұшырасады. Бала көтермеудің себептері аз емес. Тіпті, режимсіз ішкен бірыңғай тағам, әсіресе онда А,С және Е төрізді құнды витаминдердің жетіспеуінен жыныстық бездерінің қабілеті бұзылады... Туберкулезбен ауырған әйелдің де бала көтеру қабілеті бұзылады. Алайда, әйел негізгі науқасынан жазылғаннан кейін бедеулігі жойылып, бала көтереді. Сондықтан да туберкулезден өбден айыққанша, емделудің маңызы зор. Жыныс органдарының қабынуы да әйелдерді бедеулікке жиі ұшыратады. йткені, қабынған ағзаның тіндері қатты өзгереді. Олар бірбіріне және көрші ағзаға жабысып қалады. Міне, осының салдары еркек ұрығының (сперматозойд) әйелдің ұрығымен кездесуіне үлкен кедергі жасайды. Егер жатыр қанатының түтігі қабынса, оны қуысы бітеледі, сөйтіп еркектің ұрығы әйелдің ұрық клеткасына өте алмайды. Сол секілді жатыр мойнының сілекей қабығы қабынғанда да (эндцервиту) әйел бала көтермеуі мүмкін. Қабыну үдерісінде жыныс мүшесі сұйық затын көбірек бөледі. Ол сұйық зат ұрықтың жолын бөгейді. Тіпті, оның қышқыл қасиеті күшті болғандықтан, еркектің тұқым клеткаларын жойып жібереді. Бұл секілді жағдай жатыр мойнының жалағында да (эрозия) жиі аңғарылады. йткені,

жалағы бар қынапқа жиналған ірің еркек ұрығын өлтіріп жібереді де, әйел бойына ұрық бітірмейді. Жатыр ішіндегі сілекей қабығының қабынуы (эндометрит) еркек пен әйел ұрығының қосылуына кедергі жасамайды. Бірақ сол тұқымдық екі клетка қосылуынан пайда болған ұрық-клетка жатырдың ауырған сілекей қабығына жабысып, табиғи жағдайдағыдай өсе алмайды. Әйелдің бала көтермейтіндігінің тағы бір себебі осы. Кейде дәрігерсіз өз бетімен бала түсіргеннен кейін (аборт) қабыну үдерісі басталады. Ғылыми дерек бойынша, бедеуліктің 70 пайызы осы өз бетімен бала түсіргенге байланысты. Әсіресе, тұңғыш көтерген баланы алдыру өте қауіпті, себебі — ондай әйел өмір бойы бедеу болып қалуы ықтимал. Сондықтан да себепсіз абортқа бару, әсіресе, оны дәрігерлік мамандығы жоқ адамға жасату әйелдің өміріне қауіп тугызады.

Еркек бедеулігінің себебі неде?

Еркектің ұрығы клеткалардан тұрады. Олардың бір миллилитрінде 60 миллиондай ұрық болуға тиіс. Егер ұрықтар саны одан кем болса, ондай ұрықтың бала жасауға шамасы келе бермейді. Жыныс клеткаларының кемдігі, яғни оның болмауы (азооспермия) кейбір ұзын бойлы, қыл мойын, жас жігіттерде жиі кездеседі. Бұл секілді жағдай олардағы уақытша құбылыстың, болмаса тұрақты бедеуліктің белгісі болуы мүмкін. Кейбір адамдардың жыныс қатынасы мен ішімдікке құмарлығы, денедегі қоректік заттардың алмасуының бұзылуы немесе сульфамиды секілді дәрілерді дәрігердің бақылауынсыз өз бетімен ұзақ ішуі де ұрықтың сапасын кемітеді, қасиетін жояды. Ұрықтың тіршілігін, оның санын және қабілеттілігін тек лабораториялық зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Айталық, микроскоппен қарағанда, жыныс клеткалары шабан қозғалып жүрсе, олардың бала болуға шамасы келмейтіндігін аңғартады. Әйелдердегідей еркек бедеулігінің тағы бір себебі, жыныс органдарының қабынып ауруына байланысты. Әсіресе, дұрыс емделмеген және асқынған соз ауруы еркекті бедеулікке жиі ұшыратады. Кейде бала кезде болған жыныс органының жарақаттануы да тіпті ол асқынбаса да, ұрық шығаратын жыныс бездерінің қабілетін нашарлатады. Мұндай еркектің жыныс қатынасында өзгеріс болмаса да әйелінің бала көтермеуі гажап емес. Сондықтан жастарды төбелестен және жыныс мүшесіне зиян келтіретін қимылдардан сақтай білу қажет болады.

Фаст-фуд - бедеулікке шалдықтыра ма?

Қазір кең тараған жедел тағамның асқазанға зияны екені бұрыннан белгілі, ғылыми дәлелденген болатын. Енді Австралия ғалымдары ашқан жаңалықты шетелдік және отандық мамандар да мойындап отыр.

Соңғы уақытта әлем елдерінде әйелдер арасындағы бедеулік 2 есе өскен. Оған Фас —фудтың да әсері бар. Ғалымдар жүктілікті жоспарланған 6 мың әйелдің денсаулығын бақылау барысында осындай тұжырымға келген. Фас — фудқа әуес әйелдер оны тұтынбайтындарға қарағанда 3 айға кеш бала көтереді екен. Ерлер үшін де зардабы дәл солай. Бірақ, мұны ескеріп жатқан адам аз. Ауру астан деген нақылды цифрмен нақтыласақ, дерттің 80 пайызға жуығы дұрыс тамақтанбаудан болады екен. Ал, фаст-фуд асқазан мен бедеуліктен бөлек — семіздікке шалдықтырады. Оның соңы — жүрек қан тамыры ауруларына апарып соғады.

Энергетикалық сусын ұрпақсыз қалдыруы мүмкін

Адамның энергетикалық сусындарға аңсары ауа бастады. Біздің елде шетелден вагондап тасып, саудасын қыздырып келеді. Ендігі қауіп, энергетикалық сусын ұрпақсыз қалдырмай ма? Яғни ұрықты өлсіретіп, ер адамның белсенділігін төмендетеді. Дүкен сөрелерінде энергетикалық сусындар сіресіп тұр. Талғамыңа сай келгенін таңдап ішесің. тімі де жақсы. Басқа-басқа дәл осы энергетикалық сусындарға қазір жас та, жасамыз та құмар. Құрылысшы да, такси жүргізушісі де іздеп ішеді. Тек мұның арты қайда апарып соғады? Сол қауіп болып тұр. “Кофейіннің көптігі салдарынан зат алмасу бұзылады. Гормоналдық жүйе бұзылғандықтан ұрықтың пайда болуы, сапалы ұрықтың болуы соның бәрі бұзыла бастайды да, ол кемітеді, рас бала көтеруге қыз жақтан болса да, жігіт жақтан болса да сондай қауіп бар. Инфаркқа әкелуі мүмкін. Инфарктың жасарып кетуі осы энергетикалық сусындарды қолданудың кеселінен деп ойлаймын. Сахарный диабет, өйткені қант составы көп” - дейді уролог-андролог дәрігер Лияс Сейілханов. Бедеулікті емдеу медицинадағы күрделі мәселенің бірі. Бедеулікті емдеп жазу оңай емес. Кейде оған ұзақ жылдар керек. Сондықтан біздің айтар кеңесіміз, дәрігердің белгілеген емін орындау, емнің ақырына шыдау мақсатқа сөзсіз жеткізеді.

Дайындаған: Гүлназ АСАН.

Көктем мезгілі кез келген адамның организмі үшін өте қиын уақыт. Осы кезеңде иммунитеттің төмендеуі және созылмалы аурулардың пайда болуы, өртүрлі дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі байқалады. Үш ай қыстан аман шыққан ағзада дәрумендердің болмауы өз кезегінде терінің, шаштың және тырнақтың жағдайын нашарлатады. Күз мезгілдеріндегі күйзелісте адамға жаман әсерін береді. Көктем мезгілінде өзімізді қалыпқа келтіруіміз қажет. Бұл жағдайда бізге дәмді және пайдалы өнімдер көмектесе алады. Сондықтан ағзаға пайдалы өнімдерді назарларыңызға ұсынамыз. Сонымен...

КӨКТЕМДЕ КӨМЕКТЕСЕТІН ДӘРУМЕНДЕР

ЛИМОН

Лимон — адам ағзасына өте пайдалы. Антисептикалық қасиеті де бар. Бұл өнім С дәруменінің қоймасы болып табылады. Лимон қабығының мықтылығы сол, бұзылғанға дейін, бойындағы қуаттылығын сақтай алады. Тіпті қыс мезгілінде де С дәруменінің көп мөлшерін бойында ұстайды. Сонымен қатар, құрамында А, В және Д дәрумендері, сондай-ақ, қан тамырларының өлсіреуіне жол бермейтін Р дәрумені бар. Лимонның көмегімен ағза улар мен шлактардан тазартылса, оның шырынынан жасалған маска бет терісін ағартуға көмектеседі. Сонымен қатар, қан тамырларының

қызметін жақсартып, тамырда резекцияның пайда болуына жол бермейді.

ҚЫРЫҚҚАБАТ

Ресейде қырыққабат негізгі өсімдік тағамы болып табылады. Оның құрамы каротин, магний, кальций, күкірт, мыс, мырыш, кобальт, марганец және темір мен калий, сондай-ақ С, Е, К, Р, U дәрумендеріне бай. Мәселен, күнделікті тамақтану барысында 100 грамм қырыққабатты қолдансаңыз С дәруменінің қажетті мөлшерін ала аласыз. Артық салмақтан құтылғысы келетіндер үшін де пайдасы мол. Себебі, қырыққабат құрамында, майдың пайда болуына жол бермейтін

қышқыл бар. Ал, А және U дәрумендері асқазан, ішек жолдарындағы жараның пайда болуынан қорғайды.

ҚЫМЫЗДЫҚ

Қымыздық (щавель) көктем мезгілінде асқөк және ақжелкеннен бұрын пайда болады. Бұл өнімнің құрамында В дәрумені бар. Ол сіздің көңіл-күйіңізді жоғарылатып, ұйқыңызды жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, ол бауырдың және өт қабының жұмысын тұрақтандырып, ішектің белсенділігін арттырады. Бас ауруын емдеп, қан қысымын қалыпқа келтіретін де қасиеті бар. Бірақ, қымыздықты бүйрек және ішектегі қабыну, жоғары қыш-

қылдылығы бар гастрит, асқазан жарасы және уролития сынды ауруы бар адамдарға ұсынуға болмайды. Жас қымыздық ұзақ уақыт бойы өніп тұра бермейді, сондықтан оны уақытылы қолданған жөн.

СҰЛЫ

Сұлыдан дайындалған ботқа кальцийге бай. Ол әсіресе көктем мезгілінде теріңізге және тырнақтарыңызға жағымды әсеретеді. Оның құрамында кездесетін кремний сіздің теріңізді серпімді ұстап тұрады. Қоспасында май өте аз, оны тұтыну сіздің дене бітіміңізді қалыптастыруға көмектеседі. Таңғы асқа арналған сұлы ботқасы сізге жақсы көңіл-күй сыйлап, күйзелістен құтылуға көмектеседі.

Diagnnews.kz



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Аблай Тагай Гаухарулы, умершего 08.01.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Исабековой Д.Д. г.Шымкент 15мкр.ул. Шаяхметова 7 тел. 8-702-311-08-88.

*** Открылось наследство после смсрти гр. Садуллаева Закиржана Сайрамбаевича, умершего 29.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Аксартовой С.М. Туркестан. обл. с.Аксу ул. Абылайхана 54 А. тел.8-707-263-25-36.

*** Открылось наследство после смерти гр. Проданова Валерия Ивановича, умершего 21.01.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Аксартовой С.М. Туркестан. обл. с.Аксу ул.Абылайхана 54 А. тел.8-707-263-25-36.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сисембаева Тыныштыка, умершего 11.03.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Аксартовой С.М. Туркестан. обл. с.Аксу ул. Абылайхана 54 А. тел.8-707-263-25-36.

*** Открылось наследство после смерти гр. Целковского Михаила Михайловича, умершего 25.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Аксартовой С.М. Туркестан обл. с.Аксу ул.Абылайхана 54 А. тел.8-707-263-25-36.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шеримбетова Мурата Турдибоевича, умершего 18.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Садыккызы Г. г.Шымкент ул.Ташенова 8-5 тел. 8-707-310-03-73.

*** Открылось наследство после смерти гр. Саховой Райхана Сеитхановны, умершей 13.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Алтынбековой Г.П. г.Шымкент мкр Спортивный дом 24-51 тел.8-701-477-77-10.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абуовой Гульшахар Елибаевны, умершей 07.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Тулеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Арибджановой Шахилы Талиповны, умершей 05.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Палухина Александра Владимировича, умершего 05.05.2024г. Наслед-

никам обращаться к нотариусу Тулеповой Н.А. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 54. тел.8-701-176-14-39.

*** Открылось наследство после смерти гр. Козыкеева Салдарбека Ескараевича, умершего 19.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мырзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр. Республики 27/24. тел.8-701-554-77-21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байжанова Мухтара Асановича, умершего 27.04.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41. тел.8-701-718-10-48.

*** Открылось наследство после смерти гр.Деревянкина Михаила Анатольевича, умершего 28.02.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41 тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Керимкулова Бейсенбека, умершего 28.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Дауылбаевой Ж.Н. г.Шымкент мкр. Нурсат ул.Назарбекова 28 тел.8-778-538-75-34.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кудрина Валерия Александровича, умершего 01.05.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Имановой Г.А. г.Шымкент 3 мкр. дом 3 В. тел. 8-701-729-25-41.

*** Открылось наследство после смерти гр. Климовой Людмилы Яковлевны, умершей 21.04.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Есенбаевой Г.Р. г.Шымкент ул.Туркестанская 2/3 тел.8-701-780-63-44.

*** Открылось наследство после смерти гр. Банникова Виталий Анатольевича, умершего 21.04.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Курбанбаевой Д.Б. г.Шымкент ул. Уалиханова 184 тел.8-775-544-44-72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кушкимбаевой Аяулы Габдуллаев-

ны, умершей 27.01.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т. Туркестан. обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 74 тел.8-708-331-26-53.

*** Открылось наследство послесмерти гр. Ячевский Александра Борисовича, умершего 04.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Аксартовой С.М. Туркестан. обл. с.Аксу ул.Абылайхана 54 А. тел. 8-707-263-235-36.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абшукирова Койшыбая, умершего 21.04.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алихановой А.М. г.Шымкент ул.Байтурсынова 18-205.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сейтбекова Тагайбои, умершего 29.04.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Курбановой Ж.Н. г.Шымкент ул. Жиделибайсин 92.

*** Открылось наследство после смерти гр. Алимханова Османа Танырбергеновича, умершего 03.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Оразалиевой Толганая, умершей 02.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел.8-771-153-83-92.

*** Открылось наследство после смерти гр. Азимбаева Алексея Рахимовича, умершего 19.03.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой А.С. Туркестан обл. с.Темирлан ул.Рыскулова 21 тел. 8-702-711-00-22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дауренбекова Ерлана Сапарбековича, умершего 21.01.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Тулеметова 35 тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Калшораевой Мадины Отарбайкызы, умершей 26.03.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алиевой Н. г.Шымкент ул.Адырбекова 165 тел.8-701-633-50-99.

*** Открылось наследство после смерти гр. Колдасовой Рысалды, умершей 22.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Тулеметова 35 тел.8-707-848-38-58.

ЖӘНДІКТЕР ШАҒЫП АЛҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Жайдары жаздың өз кемшіліктері бар. Маса, ара, кенесияқты жәндіктер жаныңа маза бермейді. Сөті түссе, шағып алуға тырысады. Оның зардаптары да аз емес. Baribar.kz

Baribar.kz масадан қалай қорғану керектігі туралы жазған болатын. Ал бүгін жәндіктер шағып алғанда не істеу керек, шаққан жер ісіп кетпес үшін қандай алғашқы көмек түрлерін көрсету керек, жәндіктер шағып алса дәрігерге көріну қажет пе деген сауалдарға жауап береміз.

Кез-келген жәндік шаққан соң жара пайда болары анық. Сол жара жылдам жазылу үшін мынадай шаралар жүргізген дұрыс:

- Егер сізді ара шағып алса, алдымен денеде піскек мұрты қалып қоймағанына көз жеткізіңіз. Мейлінше жылдам оны теріден алып тастау керек. Себебі, араның тұмсығындағы у денеңізге жайылып кетуі мүмкін.

- Жәндік шаққан жерге 15-20 минут салқын компресс немесе мұз басыңыз. Бұл ісіктің бетін қайтаруға көмектеседі.

- Шаққан орын қызарып немесе бөртіп кетпес үшін арнайы гель немесе жақпа майын қолданыңыз. Егер қала сыртына демалысқа шығатын болсаңыз, шағын дәрі қобдишасын алуды ұмытпаңыз.

- Жәндіктер шаққанда өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, аллергияға қарсы дәрі-дәрмек түрлерін қабылдауға болады. Бұл дәрігерге жеткенше көмектеседі. Жағдайыңыз нашарлап кетсе, дереу емханаға барып қаралған жөн. Себебі, шағатын жәндіктердің көпшілігі улы болып келеді. У ағзаңызға тарап кетсе немесе қалып қойса, кейін де зардаптары байқалуы мүмкін.

- Саусақтарыңызды шағып алса, сақина, жүзіктеріңізді, қолыңызды шағып алса, білезіктерді шешіп тастаған дұрыс. Қолыңыз ісіп кетсе, кейін шешіп алу қиынға соғады.

- Жәндіктер шағып алған жағдайда алкогольді ішімдіктерден аулақ болыңыз. Алкоголь қан тамырларын кеңейтеді, демек удың бойыңызға таралуы жылдамдайды.

- Егер жәндік денеңіз аса сезімтал бөлігін шағып алса,

зардаптары қиын болуы мүмкін. Мысалы, жәндік ауыз қуысын шағып алса, ісіктің кесірінен тыныс алу, сөйлеу, тамақтану процесі қиындап, адам өміріне қауіп төнуі мүмкін. Егер жедел жәрдем кешігіп жатса, жақын жерде емхана болмаса аздап салқын су ішіп, мұз басу керек.

- Ең қауіптісі — аллергия. Мысалы, қалақай көбелек (крапивница) шағып алған жағдайда денеде бөртпе пайда болып, дене дуылдап қышыса жедел жәрдем шақырып, тыныштандыргыш дәрі қабылдаған жөн. Әйтпесе, у бүкіл денеге жайылып, анафилактикалық шок алу қаупі бар. Бұл адам өміріне аса қауіпті.

Қандай жағдайда жедел жәрдем шақыру керек?

- Егер тыныс алу қиындаса;
- Бас айналса;
- Зақымданушы есінен танып қалғанда;
- Жүрек соғысы жиілеп кетсе;

- Жүрек айныса немесе құсқан жағдайда;
- Денеңіз жәндік шаққаннан басқа жерлерінде бөртпе пайда болғанда.

Жәндіктердің шағуынан қалай сақтануға болады?

Жаздың күні, әрине, жәндіктерден сақтану қиынға соқпақ. Алайда, қарапайым қағидаларды сақтау арқылы олардан қорғануға болады.

- Табиғат аясында жиі тамақтанбауға кеңес береміз. Әсіресе, жәндіктер төтті тағамдар мен сусындардың иісін жақсы көреді.

- Жалаң аяқ жүрмеуге тырысыңыз. Себебі, жерде неше түрлі жәндіктер жүреді. Егер оларды байқамай басып кетсеңіз, олар да қарап қалмайды. Сондықтан, жағайда да абай болыңыз.

- Мейлінше, жеңі мен етегі ұзын киімдер киіңіз. Жәндіктер көбінесе денеңіз ашық жерлерін шағады.

- Жаздың күні иіссу пайдаланатындарға жәндік атаулы үйір келеді. Сондықтан, иіссу, төтті істі кремдерді азырақ пайдаланыңыз. Есе-сіне, иісі жағымды болмаса да, масаға, жәндіктерге қарсы кремдерді жағып жүру артық етпейді.

- Жәндіктер шоғырланған жерлерге, құмырсқа илеуінің жанына, бал арасының ұясына жақындамаңыз. Олар қорғану үшін бөріне де барады.

«Жас-Ай» журналы, 2018 жыл.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-І тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Гүлжауһар БАЖАҚАЙ -
Журналист

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Гляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама



Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86.

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу
индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
«Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы, Ф.Гляев көшесі, 29.

Нөмірдің кезекші редакторы - Арайлым ӘБСАҒАТ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ҚАЗАҚСТАНДА 2025 ЖЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ӨЗГЕРЕДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен «Әлеуметтік жұмыс» бағытындағы 10 кәсіпті қамтитын «Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саланың басқа да кәсіптері» кәсіптік стандарты бекітілді. Бұған дейін бұл бағыт 4 кәсіптік стандартпен қамтылған болатын.

Бұл ретте 4 кәсіп алғаш рет анықталып, Ұлттық қызмет жіктеуішінің жобасына енгізілді. Оларға мыналар жатады: әлеуметтік көмекші; арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардағы әлеуметтік қызметкердің ассистенті; әлеуметтік қызметкер кейс-менеджері; әлеуметтік жұмыс менеджері.

Кәсіптік стандартта кәсіби міндеттерді орындаудың бірқатар жаңа тәсілдері қарастырылған:

— халықты әлеуметтік қорғау саласындағы барлық деңгейлеріндегі мамандардың цифрлық мобильдік қосымшаларды пайдаланудың міндеттілігі және МБА-мен коммуникация құру;

— әлеуметтік қызметкерлердің мүмкіндігі шектеулі адамдардың қызметі мен міндеттеріне, сондай-ақ оның отбасы мен тұрғылықты ортасының әлеуетіне бағалау жүргізе білу;

— көпсалалы команда құрамында супервизиялық топтардың жұмысын ұйымдастыра білу;

— адвокация, мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүмкіндіктерін кеңейту және т. б.

Кәсіптік стандарттың «Әлеуметтік жұмыс» бағытындағы кәсіптерге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін бағалауды Кәсіптік білік-



тілік жөніндегі салалық кеңестің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің, Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің мүшелері берді. Кәсіптік стандарт ашық НҚА порталында жарияланып, талқылау кезеңінен өтті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың оң қорытындысын алды.

«Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саланың басқа да кәсіптері» кәсіби стандарты 2025 жылғы 25 қаңтардан бастап күшіне енеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазатомөнеркәсіп — Сауран» ЖШС 23.05.24 ж. бастап 07.06.24 ж. дейін бірыңғай экологиялық порталда Түркістан облысының Созақ ауданында қорық режимімен Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағының аумағын азайтудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесінің жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуга болады (Ecoportal.kz), онда ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Бастамашысы — Токпанбетов М. Б., Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Бөйдібек би даңғылы, 126/1, «Қайнар» БО, 4 қабат, тел: +7 778 096 000. электрондық мекенжайы: mtokpanbetov@sauran.kazatomprom.kz

Жобаны әзірлеуші — «Ориент-NS» ЖШС, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 39, тел: 87012706220, электрондық мекенжайы: orient-ns@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Казатомпром - SaUran» сообщает, что с 23.05.24г. по 06.07.24 г. на Едином экологическом портале будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Естественного научного обоснования уменьшения территории Южно-Казахстанской государственной заповедной зоны Республиканского значения, с заповедным режимом в Созакском районе Туркестанской области. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz), где принимаются замечания и предложения.

Инициатор — Токпанбетов М.Б., город Шымкент, Каратауский район, пр. Байдибек Би 126/1, БЦ «Қайнар», 4 этаж, тел: +7 778 096 000, электронный адрес: mtokpanbetov@sauran.kazatomprom.kz

Разработчик проекта — ТОО «Ориент-NS», г. Астана, пр. Мәңгілік Ел, 39, тел: 87012706220, электронный адрес: orient-ns@mail.ru.



Қазір Абу-Даби қаласында Джиу-Джитсудан Азия Чемпионаты өтіп жатыр. 1-8 мамыр аралығына жоспарланған аламан жарыста қаламыздағы А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-

ШЫМКЕНТТІК МҰҒАЛІМ ДЖИУ-ДЖИТСУДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жұлдызай Ибраева өнер көрсетіп, алтын алқа иеленді. Алғашқы белдесуде Вьетнам спортшысымен кездесіп, жартылай ширек финалда үндістандықты ойсырата жеңген шымкенттік мұғалім финалдық кездесуде Маңғолия спортшысын ұтып, жеңіске жетті.

Таеквондодан ҚР бірнеше дүркін чемпионы, халықаралық жарыстардың күміс жүлдегері Жұлдызай Махмуджанқызы қаламыздың намысын талай додада абыроймен қорғап жүр.

Ересектер мен жастар арасындағы сайысқа Қазақстан Ұлттық құрамасынан 300, оның ішінде қаламыздан 10 спортшы қатысуда. Жеңімпаз Греция астанасы Афинада өтетін Әлем чемпионатына жолдама алды. Сондай-ақ Азия Чемпионатында алтын алған спортшылар жыл соңына жоспарланған Анталия қаласындағы Панкратион спортынан Әлем Чемпионатында да өнер көрсететін болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"GreenCycle" ЖШС Түркістан облысы Ордабасы ауданы Буржар а/о қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу" жобасы бойынша II санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2024 жылғы 18 маусымда сағат 15:00-де Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Буржар а.о., УЯЛЫЖАР ауылы, Төле би көшесі 2 үй, мекенжайы бойынша өтеді. Zoom сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYmlxZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596, кіру коды: 123456.

Әсер ету аумағы:

42°47'85.43"C, 69°35'29.91"B,

42°47'44.61"C, 69°35'75.60"B,

42°47'65.29"C, 69°36'00.11" B,

42°47'99.95" C, 69°35'54.24" B,

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган, "Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ Тел: 8725-33-5-98-49. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органын электрондық сайт мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru> сондай-ақ ресми сайт <https://ecoportal.kz/> жоба бойынша құжаттама <https://ecoportal.kz/> . Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен қағаз түрінде таныса алатын орынның мекенжайы — Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: ЖШС "GreenCycle", ЖСН: 240340031584, Шымкент қ., Қаратау ауданы, конституция өту, 16-үй. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және қантәкілтік деректері: "Қаз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел: 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik-@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «GreenCycle» проводит общественные слушания по материалу для получения Разрешения на воздействие для объекта II категории по проекту «Строительство полигона твердых бытовых отходов в Буржарском с/о Ордабасинского района Туркестанской области». Слушания состоятся 18 июня 2024г в 15:00 по адресу Туркестанская область, Ордабасынский район, Буржарский с.о., С.УЯЛЫЖАР, улица Төле би, дом 2, сылка Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYmlxZDZibXJnTkNRUT09> Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Территория воздействия:

42°47'85.43"C, 69°35'29.91"B,

42°47'44.61"C, 69°35'75.60"B,

42°47'65.29"C, 69°36'00.11" B,

42°47'99.95"C, 69°35'54.24" B,

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» Тел: 8725-33-5-98-49. Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru>, так же официальный сайт <https://ecoportal.kz/> . Документация по проекту размещена на <https://ecoportal.kz/> . Адрес где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде – город Шымкент Ул. Байтұрсынова 20 б. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО "GreenCycle", БИН: 240340031584 адрес: г. Шымкент, Каратауский район, проезд конституции, д. 16. Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел: 8(775)3245005 город Шымкент ул. Байтұрсынова 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik-@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Бейсенбаев Нурлыбек Еркиновичтің, ЖСН 810728350073, мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Иса Байзақов көшесі, 133 үй, 68 пәтер тұрғыны, кепіл ұстаушысының сенім білдірілген тұлғалары (02.04.2024 ж. жеке нотариус Д.А. Сыздыкова куәландырган реестрлік нөмірлері 289 және 290 сенімхаттары бойынша, лиц. №13004112, ҚР ӘМ 18.03.2013 ж. берілген) Жусупалиев Берик Азимхановичтегі 26.01.2024 жылғы Кепіл туралы шарттың талаптарын орындамауына байланысты, кепілге салынған: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Жұлдыз тұрғын алабы, Асубұлақ көшесі, 19 үй, 1 пәтер мүлктің соттан тыс сауда-саттығын жариялайды.

Көрсетілген кепілге салынған мүлктің құнын тараптар өзара 17 000 000 (он жеті миллион) теңгеге бағалады. Кепілдік жарнаның сомасы сауда-саттық өткізілетін күндегі жағдай бойынша берешек сомасының 5%-ы, сауда-саттықты ұйымдастырушыларға қолма-қол ақшамен немесе ұйымдастырушылар көрсеткен шотқа аудару жолымен де сауда-саттық тағайындалған күніне дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей енгізілуге тиіс.

Бұдан әрі, сауда-саттыққа қатысушылардың назарына сатып алу бағасын төлеудің мынадай тәртібі көзделген — кепілге салынған мүлктің түпкілікті бағасы айқындалғаннан кейін сауда-саттықтың жарияланған жеңімпазы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде тіркелген баға мен қолма-қол нысандағы кепілдік жарна сомасы арасындағы айырманы не сенім білдірілген тұлғалар көрсеткен шотқа ақша қаражатын аудару арқылы енгізуге міндетті.

Сауда-саттыққа Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті көмелетке толған азаматтары жіберіледі.

Сауда-саттық 2024 жылғы 27 мамырда сағат 10:00-де, ҚР, Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 25/1, 12 кенсе мекенжайы бойынша өтеді. Сауда-саттықты ұйымдастырушылар: Несіпқалиев Сабит Сәлімжанұлы, мекенжайы: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 53Г үй, 35 пәтер, тел.: 8 707 588 30 70 және Оспанов Қайрат мірзақұлы, мекенжайы: Шымкент қаласы, Нұрсат м/а, 44 үй, 118 пәтер, тел.: 8 702 933 77 11.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Доверенные лица залогодержателя — Бейсенбаева Нурлыбека Еркиновича, ИИН 810728350073, проживающего по адресу: Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Исы Байзакова, дом 133, кв. 68 (по доверенности от 02.04.2024 года за реестровыми номерами 289 и 290, удостоверенные частным нотариусом Сыздыковой Д.А., лиц. №13004112 от 18.03.2013 года, выданная МЮ РК) объявляют открытые внесудебные торги заложенного имущества, принадлежащего Жусупалиеву Берик Азимхановичу, расположенного по адресу: г. Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Жулдыз, улица Асубулак, дом 19, кв. 1, ввиду неисполнения условий Договора о залоге от 26.01.2024 года.

Сторонами стоимость указанного заложенного имущества оценена в 17 000 000 (семнадцать миллионов) тенге. Сумма гарантийного взноса — 5% от суммы задолженности на день проведения внесудебных торгов должна быть внесена участникам не позднее, чем за пять календарных дней до даты назначенных торгов, как наличным, так и безналичным путем на счет, указанный организаторами торгов.

Далее, для сведения участников торгов предусмотрен следующий порядок уплаты покупной цены - после определения конечной цены заложенного имущества объявленный Победитель торгов обязан в течении 5 (пяти) календарных дней внести разницу между фиксированной ценой и суммой гарантийного взноса в наличной форме, либо путем перечисления денежных средств на счет, указанный организаторами торгов.

К торгам допускаются дееспособные совершеннолетние граждане Республики Казахстан.

Торги состоятся 27 мая 2024 года в 10:00 часов по адресу: РК, город Шымкент, улица Б.Момышұлы, 25/1, офис 12. Организаторы торгов: Несипқалиев Сабит Салимжанович, проживающий по адресу: г. Алматы, пр. Аль-Фараби, дом 53Г, кв.35, тел.: 8 707 588 30 70 и Оспанов Қайрат Умирзакович, проживающий по адресу: г. Шымкент, мкр. Нұрсат, дом 44, кв.118, тел.: 8 702 933 77 11.